

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

"Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті"
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Т.К. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

«Құрылыс және құрылыс материалдары» кафедрасы

6B07302– «Құрылыс инженериясы»

Серікболат Гүлназ

Орал қаласындағы бірегей көрме алаңдары бар театр

Дипломдық жобаға
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

6B07302– «Құрылыс инженериясы»

Алматы 2025 ж

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

"Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті"
коммерциялық емес акционерлік қоғамы


Т.К. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

«Құрылыс және құрылыс материалдары» кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

т.ғ.д., профессор



С.Б. Шаяхметов

«05» 06 2025ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Тақырыбы: «Орал қаласындағы бірегей көрме алаңдары бар театр»

6B07302– «Құрылыс инженериясы»

Орындаған:




Серікболат Гүлназ



Ресми
Жоғарғы бас инженері
Алаудин А.С.
« 00 ж.

Ғылыми жетекші:

т.ғ.к., қауымдастырылған профессор



Наширалиев Ж.Т

« 5 » 06 2025ж.

Алматы 2025 ж

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

"Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті"
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Т.К. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты


«Құрылыс және құрылыс материалдары» кафедрасы

6B07302– «Құрылыс инженериясы»

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

т.ғ.д., профессор



С.Б. Шаяхметов

«20» 01 2025ж.

**Дипломдық жобаны орындауға арналған
ТАПСЫРМА**

Білім алушы: Серікболат Гүлназ

Тақырыбы: Орал қаласындағы бірегей көрме алаңдары бар театр

Басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректор 2025 жылғы

«29» қаңтар № 26-П/Ө бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі « 09 » маусым 2025ж.

Дипломдық жобаның бастапқы деректері: Құрылыс ауданы - . Ғимараттың конструкциялық жүйесі - . архитектуралық шешімдері - .

Дипломдық жобадә әзірлеуге жататын мәселелер тізімі:

а) Сәулет-аналитикалық бөлімі: негізгі бастапқы деректер, көлемдік-жоспарлау шешімдері, қоршау конструкцияларының (сыртқы қабырғаның), жылу-техникалық есебі, жарық техникалық, іргетас нұсқаларының есебі және тереңдігі, энергия тиімділігі негіздемесі;

б) Есептік-конструктивтік бөлімі:

в) Ұйымдастыру-технологиялық бөлімі: технологиялық карталарды әзірлеу, құрылыстың күнтізбелік жоспары және құрылыс бас жоспары;

г) Экономикалық бөлім: жергілікті смета, объектілік смета, жинақтық смета;

Графикалық материалдар тізімі (міндетті сызбаларды дәл көрсете отырып):

1 Сәулеттік аналитикалық бөлім.

2 Лира- САПР бағдарламасы бойынша есептеу жұмыстары.

3 Құрылыстың техникалық шарттарын орындау.





Жұмыс презентациясы слайдтарда 15 көрсетілген

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер: 8 атаулардан

**Дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау
КЕСТЕСІ**

Бөлімдердің атауы, зерттеп дайындалатын мәселелер тізімі	30%	60%	90%	100%	Ескерту
Сәулет-аналитикалық	28.12.2024- 08.01.2025				
Есептік-конструктивтік		08.01.2025- 23.02.2025			
Ұйымдастыру- технологиялық			24.02.2025- 06.04.2025		
Экономикалық				07.04.2025- 20.04.2025	
Алдын-ала қорғау	14.04.2025 - 25.04.2025				
Сапаны бақылау (ТЖ)	21.04.2025 - 16.05.2025				
Антиплагиат	08.05.2025 - 21.05.2025				
Нормобақылау Сапаны бақылау (сызбалар)	12.05.2025 - 05.06.2025				
Қорғау	09.06.2025 - 28.06.2025				



Аяқталған дипломдық жұмыс (жоба) үшін, оған катысты бөлімдердің жұмыстарын
(жобасын) көрсетумен, кеңесшілер мен норма бақылаушының қойған
қолдары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, тегі, аты, әкесінің аты, (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Сәулет-аналитикалық	Наширалиев Ж.Т. т.ғ.к., қауым.профф.	08.01	
Есептік-конструктивтік	Наширалиев Ж.Т. т.ғ.к., қауым.профф.	23.02	
Ұйымдастыру- технологиялық	Наширалиев Ж.Т. т.ғ.к., қауым.профф.	06.04.	
Экономикалық	Наширалиев Ж.Т. т.ғ.к., қауым.профф.	20.04.	
Нормобақылау	Алдигазиева А. т.ғ.м., ассистент	05.06.	
Сапаны бақылау	Козюкова Н.В. т.ғ.м., аға оқытушы	16.06.	

Ғылыми жетекші

Білім алушы тапсырманы орындауға алды

Күні


қолы

қолы
«3» 02 2025 ж

Наширалиева Ж.Т.

Аты-жөні

Серікболат Г.Т.

Аты-жөні

АҢДАТПА

Дипломдық жобам Орал қаласында орналасқа, қаламызға өзіндік тарихын негіздеуіне арналған арнайы көрме алаңдары бар театр болмақ. Бұл құрылыс менің бірнеше жылдар бойы тарихын сақтап келген қаламның, барлық қыр – сырын негіздеп, айқындауына себепші болатын арнайы мәдени орын болады. Бұл жоба соңғы сәулеттік идеяны сақтап қана қоймай, жаңаша леп берері сөзсіз.

Дипломдық жоба барлық негізгі ережелерге сай негізделіп, нақтыланып оның сәулеттік бөлімі арнайы Revit 2025 бағдарламасымен өнделіп, тұрғызылды. Менің ойымша осындай жаңаша құрылыс орны менің дипломдық жобамның орналасқан аймағына міндетті түрде керек. Орал қаласында бірнеше театр бар. Бірақ осы заман талабына сай театр орындары өкінішке орай қолмен санарлық қана. Бұл тақырыпты алу себебімде сол болмақ. Тек қалаға ғана емес, оның тұрғындарына да жаңаша леп беру мақсатында таңдалынды.

Ғимараттымның сөзсіз ерекше болуына маған осы жоғарыда айтып өткендей жаңаша идеяларды ғана қолданып, қолдануға қолайлы болуы үшін барынша барлық ережелерге сонымен қатар инженерлік желілердің дұрыс жабдықталуы, театрдың барлық құрылыс ережелеріне сай болуы, оның қоюданушыларға деген ыңғайлылығы, техникалық жағынан қауіпсіз болуы ескерілді. Құрылыс орнының есептік – схемасы арнайы Лири -САПР 2021 қосымшасы арқылы жасалынды. Бұл менің театрымның сақтық шаралары үшін, беріктігін, қауіпсіз болуы үшін негізделінді.

Құрылысқа кеткен ақша құны ABC қосымшасы арқылы, шығындардың негізгі жүйелері анықталды.

Дипломдық жоба нәтижесінде архитектуралық бірнеше шешімдер негізделіп, инженерлік жүйе бойынша, техникалық және экономикалық көрсеткіштер, құрылыс жұмыстарын ескеру және құрылыс орның әзірлеу театр құрылымының бастапқы қадамы әзірленді.

АННОТАЦИЯ

Дипломный проект станет театром со специализированными выставочными площадками, посвященными самобытной истории нашего города, расположенного в городе Уральске. Это сооружение станет особым культурным местом, где я смогу обосновать и определить все тонкости города, история которого сохранилась на протяжении многих лет. Этот проект, несомненно, не только сохранит последнюю архитектурную идею, но и получит новый отклик.

Дипломный проект был основан и доработан в соответствии со всеми основными положениями, его архитектурная часть была разработана и возведена специальной программой Revit 2025. На мой взгляд, такое новое место строительства обязательно нужно в зоне расположения моего дипломного проекта. В Уральске есть несколько театров. Но современные театральные заведения, к сожалению, только ручные. Вот почему я получил эту тему. Был выбран с целью придать новый вид не только городу, но и его жителям. Для того, чтобы мое здание было уникальным, я использовал только новые идеи, о которых я упоминал выше, и было приемлемым для использования, были учтены все необходимые правила, а также правильное оснащение инженерных сетей, соответствие театра всем строительным правилам, его удобство для прихожан, безопасность в техническом плане.

Расчетно – схема места строительства была составлена через специальное приложение Лира-САПР 2021. Это было оправдано для мер предосторожности, прочности, безопасности моего театра.

Деньги, потраченные на строительство, были определены через приложение ABC, основные системы затрат.

В результате дипломного проекта было обосновано несколько архитектурных решений, разработаны инженерные системы, технико-экономические показатели, учет строительных работ и начальный этап разработки строительной площадки.

ANNOTATION

My graduation project will be a theater located in Uralsk, with special exhibition spaces dedicated to the foundation of our city's original history. This construction will be a special cultural place that will justify and clarify all the subtleties of my city, which has preserved its history for many years. This project will not only preserve the latest architectural idea, but will certainly give a new impetus.

The diploma project was based on all the Basic Rules, its architectural part was developed and built according to the special Revit 2025 program. In my opinion, such a new place of construction is definitely needed in the area where my diploma project is located. There are several theaters in Uralsk. But the theater venues that meet the requirements of this time, unfortunately, are only a few by hand. That's why I got this topic. It was chosen in order to give a new impetus not only to the city, but also to its inhabitants.

The undoubted uniqueness of my building was that I took into account all the rules, as well as the correct equipment of engineering networks, compliance with all building rules of the theater, its convenience for users, and technical safety, so that it would be suitable for use, using only new ideas, as I mentioned above. The calculation scheme of the construction site was developed using a special application lira – SAPR 2021. This was justified for the precautions of my theater, for its durability, for its safety.

Money spent on construction through the ABC of value application, the main cost systems were determined.

As a result of the graduation project, several architectural solutions were based on the engineering system, technical and economic indicators, taking into account the construction work, and the initial step of the theater structure was developed to develop a place for construction.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	9
1 Ғимараттың архитектуралық - болжамдық бөлімі	10
1.1 Құрылыс алаңының сипаттамасы және климаттық ерекшеліктері	10
1.2 Ғимараттың сәулет-құрылымдық шешімдерінің негіздемесі	11
1.3 Техникалық-экономикалық талдау көрсеткіштері	11
1.4 Инженерлік-геологиялық жағдайлардың сипаттамасы	12
1.5 Құрылыс конструкцияларының жылу-техникалық есебі	12
1.6 Жарық техникалық есебін негіздеу	14
1.7 Театр кешенінің инженерлік жүйелерінің сипаттамасы	15
1.8 Ғимараттың энергия тиімділігін арттыру жолдары	15
1.9 Көлемдік-жоспарлау шешімдерінің негіздері	16
1.10 Конструктивтік шешімдердің жобалық талдауы	17
1.11 Іргетас тереңдігін есептік анықтау	17
1.12 Ғимараттың есептік сызба үлгісі	19
2 Конструктивтік-есептік бөлім	20
2.1 Тұрақты жүктемелерді есептеу	20
2.2 Уақытша жүктемелерді талдау	20
2.3 Қар жүктемесінің әсерін анықтау	21
2.4 Жел әсерінен туындайтын жүктемелер	22
2.5 Топырақ негізін есептік модельдеу	23
2.6 Жобалық шешімдердің қорытынды талдауы	25
2.7 Ұстын элементтерінің есебі	26
2.8 Күмбез конструкциясының есебі	28
3 Құрылыс-технологиялық бөлім	35
3.1 Жер жұмыстарының аумағын анықтау және бағалау	35
3.2 Құрылыстың жұмыс алаңын ұйымдастыру	36
3.3 Жер жұмыстарында қолданылатын құрылыс машиналарын таңдау	40
3.4 Құрылыс барысындағы еңбек қауіпсіздігі ережелері	49
3.5 Еңбек сыйымдылығын есептеу және жұмыс күшінің шығынын негіздеу	49
3.6 Құрылыстың күнтізбелік-графикалық жоспарын құрастыру	53
3.7 Құрылыстың бас жоспарын негіздеу	56
4 Экономикалық бөлім	59
Қорытынды	61
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	62
А қосымшасы	63
Б қосымшасы	78
В қосымшасы	92

КІРІСПЕ

Қазір айналаңызға зер салып қарасаңыз өнер ұғымы кеңінен тарау үстінде. Бірақ сол өнерді әрі қарай алға дәріптеу орындары жеткіліксіз болып жатыр. Солардың бірі театр орындары. Орал қаласының мәдени мұрасын дамыту біздің негізгі қойылған талап ретінде қарастыратын болсақ, осы қаланың көркейуіне және дамуына алғашқы қадамдар жасалынбақ. Сол себепті осы құрылыс орның салу негізгі алғышарт болып табылады.

Менің осы құрылыс орның тандаудағы басты қағидам, Орал қаласының тарихи лебін сақтап қалу, оның бірнеше ғасырлар бойы сақтап келеген мұрасын күллі адам баласына паш ету. Өз тарихын, мәдени- мұрасын сақтап қалу. Қаламызда жаңаша рухани демалыс орын ашу. Өнер сүйер қоғамға жаңа орталық ашу болып табылады.

Дипломдық жобаның талаптарына келетін болсам, жәй ғана құрылыс орның сала салу емес, оның қала мәдениетіне, архитектурасына, бас жоспарына ойып тұрып орын алар бірнеше өзгерістерді орнату болып табылады. Егер сіз осы қалада болсаңыз онда қаланың көне және бірнеше ғасырлар бойы сақталып келеген сәулеттік шешімдерді көрген боларсыз. Соған сәйкес мен осы жоба арқылы қаламның көркейуіне себепші болғым келеді. Бұл жоба жаңа технологияларды ескеріп, жаңа ережелерге сай әзірленген десем артық айтқаным болмас.

Жаңа ғасырлық талаптарға сай келу – ол жобаның негізгі мақсаты. Оның идеясы, жоспары, барлығы негізделініп әзірленді. Ғимараттың сәулеттік шешімдері – құрылыс алаңының ыңғайды орналасуы, менің жағдайымда Орал қаласының солтүстік – батыс аймағында орналасқан аймақ таңдалынып алынды. Менің ойымша осы қалада ғимараттың дәл сондай ерекше архитектурасы бар ғимарат таппайтындарыңыз сөзсіз. Оның қасбеті, алаңы, идеясы барлығы арнайы ерекшелік пен және махаббатпен жасалынды. Ғимараттың ішінде 1 көрермен залы бар. Сол залдың акустикаға қарсы жоспарлануы, тұтынушыларға ыңғайлылығы барлығы ескерілді.

Ғимараттың экологиялық жағынан тиімді болуы, сыни қолдану барысында оңтайлы жағдаят туынбауына бірнеше сараптамалар жүргізілді. Ғимаратқа инженерлік жүйелердің дұрыс жүргізілуі, қолайлы орта әзірлеу негізгі ереже болып табылады.

Дипломдық жобаның экономикалық оңтайлығын әзірлеу: театрды салу және пайдалану құнын есептеуді әзірлеу, ақшалай мүмкіндігін жоспарлау және осы дипломдық жұмыстың жетістігіне көз жеткізу.

1 Ғимараттың архитектуралық-болжамдық бөлімі

Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы — өзгермелі, ойнақтап тұратын климаттық аумақта орналасқан. Ауа райының тілге тиек етіп айтатын көрнекілігі— қысқы және жазғы температуралар арасындағы айырмашылықтың жоғары болуында. Қаңтар айындағы орташа температура -11°C -тан -14°C аралығында болса, кей кездері -40°C -қа дейін төмендеген жағдайлар да тіркелген. Ал шілде айында орташа температура $+22-25^{\circ}\text{C}$ аралығында, ең жоғарғы мәні $+40^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жетеді.


Жылдық жауын-шашын мөлшері орта есеппен 400–450 мм-ді құрайды, бұл сандарға сүйенетін болсақ өңірді құрғақ климаттық белдеуге жатқыза беруге болады. Жауын-шашын негізінен көктем және жаз мезгілдерінде түседі, оның ең көп мөлшері мамыр мен маусым айларында тураланған. Ауа райының бұл ерекшеліктері құрылыс конструкциялары мен ғимараттың жылу техниалық шешімдеріне айтарлықтай әсер етеді.

Орал қаласына тән басым жел бағыттары мен жылдамдықтарын сипаттайтын жел раушаны 1.1-суретте көрсетілген.

1.1 Құрылыс алаңының сипаттамасы және климаттық ерекшеліктері

Менің ойымша Орал қаласы құрылыс нысандары мен арнайы аумақтар үшін ең ыңғайлы, сәтті мекен деп ойлаймын. Қаланың орналасуы Жайық өзеңінің баурайында болғандықтан бірде-бір ерекше деп айтар болсам артық болмас. Жер бедерінің біркелкі болуы, өзеңнің жайылымдық орындары ыңғайлы құрылыс орның әзірлеуінің алғашқы белгілері болуына негізделеді. Онымен қоса қала халқының өсуі, қаланың көркейуіне негізгі себепкері болады.

Заман талабына сай етіп жасалынған бұл құрылыс ғимараты Орал қаласының солтүстік батыс аймағында орналасқан саябақ жанының аумағынан орын алғаны рас. Ғимарат Исатай-Махамбет көшесінің іргесінде жатыр. Менің түйсігіме сүйенер болсақ бұл орын жайдан жай таңдала салмады. Бұл қаламыздың көркейуіне негізделініп алынған аймақ Жобаланған театрдың жайғасу сызбасы 1.2-суретте көрсетілген.



1.1 – сурет - Орал қаласының жел раушаны

Кесте 1.1 - ҚР РК 2.04-01-2017 Құрылыс климатологиясы [0] бойынша Орал қаласының орта айлық температурасы.

Батыс Қазақстан облысы						
Орал	- 43.0	- 37.1	- 32.2	- 33.4	- 29.6	- 16.8



1.2 – сурет - Ситуациялық жоспар

1.2 Ғимараттың сәулет-құрылымдық шешімдерінің негіздемесі

Дипломдық жобамның ерекшелігі менің ғимаратымның пішіні стандартты емес, көпбұрыштардан тұрады. Театр өз өнерін барлығы 300 адамға көрсетуге дайын. Ғимарат Исатай мен Махамбет көшесінің бойында орналасқан. Ғимараттың артқы бөлігінде арнайы бау-бақша бар. Ғимарат толығымен төрт қабаттан және бір жертөледен құралады. Әр қабат жоспарланып, тұтынушылар мен қызметшілерге ыңғайлы орын қарастырылған. Театрдың тағы бір ерекшелігі төртінші қабаты терасса. Оның аймағы өте үлкен және ерекше әдемі.

Әр қабатта қызметкерлер үй-жайы, қауіпсіздік шараларын сақтау үшін төтенше жағдай бөлмелері, онымен қоса әр қабатта күзетші аймағы бар. Әртістер дайындық бөлмесі, арнайы үй-жайлар, демалыс орындары, дайындық алаңдары, тамақтанатын орындар, тіпті туристерге немесе тұтынушыларға арналған дүкендер бар. Бұл барлық жағынан болсын менің ғимаратымның ерекшелігі болып табылады.

1.3 Техникалық-экономикалық талдау көрсеткіштері

Дипломдық жобам 1 қабат нолден төмен деңгейде және 4 қабат нолден жоғары деңгейде орналасқан. Жертөле қабатының биіктігі 4,5 м, ал бірінші және үшінші қабат биіктігі 4,6 м, екінші қабат биіктігі 5,3 м, төртінші қабат биіктігі 5

м болады. Ғимараттың барлық сыртқы қабырғасы витраждан жасалынған.

Ғимараттың негізгі көрсеткіштеріне келетін болсақ:

1. Құрылыс аймағының ауданы шамамен – 2000 м².
2. Жертөле аймағының көлемі – 1322 м².
3. Жер үсті аймағының көлемі – 4936 м².

1.4 Инженерлік-геологиялық жағдайлардың сипаттамасы.

Театрдың орналасқа аумағының геологиялық ерекшеліктерін тудыратын болсақ, ол жазық бірақ менің ойымша кей жерлерде жер бедерінің тегіс еместігін көруге болады. Мысалы Жайық өзенінің бірнеше шақырымдарына көз салып қарайтын болсам ойпаттар, тау тәріздес төмпешіктердің бары байқалады. Мен бұл аймаққа ерекше сипаттама бере аламын. Негізгі зерттеулер жасайтын болсаңыздар онда ғимараттың шөлейтті аумаққа қосылатының негіздей аласыздар, сондықтан бұл қаланың жасыл түсіне негізгі ықпалын тигізеді. Осындай керемет табиғатымен суырып- салма қасиетімен экологиялық жүйелердің басы, яки алғышарты болатыны сөзсіз

Негізгі топырақтары саз және саздақты болып табылады. Бұл топырақтардың пайдал болуы негізінен ылғалдылық үшін және тұнбалық жер аймағы болғандықтан осылай көзге түседі. Кейбір аймақтарда бірнеше жер асты сулары болуы мүмкін, әсіресе өзен аймақтарында сондықтан бірнеше маңызды жағдайларды ескеруіміз қажет. Сазды топырақ жағдайының құрамы кішкентай көзге көрінбес түйірлерден және сулы лайдан тұрады. Оның қату көрсеткіштері 1,5 м-2 м арасында болады.

Менің геотехникалық зерттеулеріме назар аударатын болсақ:

Саз – құм аралас, қоңырқай түсті, құрамында 10%-дан астам қиыршық тас кездеседі. Құрылымдық қаттылығы – орташа қаттыдан қаттыға дейін. Қабат қалыңдығы шамамен 1–5 м аралығында.

Саздақ – қызыл-қоңыр және қою түсті, құрылымы орташа қатты, қабаттың орташа қалыңдығы – 1–2 м.

Сейсмикалық жағынан Орал қаласы Қазақстан Республикасының сейсмикалық аудандастыру картасына сәйкес 3–4 баллдық аймақта орналасқан, яғни бұл өңір сейсмикалық тұрғыда салыстырмалы түрде қауіпсіз аймаққа жатады.

1. 5 Құрылыс конструкцияларының жылу-техникалық есебі

Ғимараттың жылу техникалық есебі ҚР ЕЖ 2.04-107-2013 «Құрылыстық жылу техникасы» сәйкес есептелінді [0] . Арнайы ылғалдылық картасы бойынша Орал қаласы 3-ші ылғалдылық аумағында тұрақталған, құрғақ, ғимарат бөлмесінің режимі бір қалыпты.

Бастапқы мәліметтер:

- құрылыс аймағы – Орал қаласы;
- ылғалдылық аймағы – құрғақ;
- ішкі ауаның температурасы – $t_v = 22,6^{\circ}\text{C}$;
- ең суық бес күндік ауа температурасы – $t_{н5} = -33,4^{\circ}\text{C}$, ҚР ҚЖ 2.04-01-2017 «Құрылыс климтологиясы», 3.1-кесте бойынша [0];
- конструкция бетінің ауаға қатысты позиция коэффициенті – $n = 1$;
- конструкцияның нормативті температура ауытқуы – $\Delta t_n = 4,5^{\circ}\text{C}$, ҚР ҚЖ 2.04-01-2017 «Құрылыс климтологиясы» [0] 2- кесте бойынша;
- сыртқы жылу өткізгіштік коэффициенті – $\alpha_{\text{сыртқы}} = 23 \text{ Вт}/(\text{м}^2 \cdot ^{\circ}\text{C})$;
- ішкі жылу өткізгіштік коэффициенті – $\alpha_{\text{ішкі}} = 8,7 \text{ Вт}/(\text{м}^2 \cdot ^{\circ}\text{C})$, ҚР ҚЖ 2.04-01-2017 «Құрылыс климтологиясы» [0] 4-кесте бойынша;
- жылыту кезеннің ұзақтығы – $z_{\text{жыл}} = 193$ тәулік, [0] 3.1-кесте бойынша;
- сыртқы ауаның орташа температура – $t_{\text{от}} = -4,6^{\circ}\text{C}$, ҚР ҚЖ 2.04-01-2017 «Құрылыс климтологиясы» [0] 3.1-кесте бойынша;
- құрылыс аймағының ерекшеліктерін ескеретін коэффициент – $m_p = 1$.

$$R_0^{\text{тр}} = \frac{1(22,6 - (-33,4))}{4,5 \cdot 8,7} = 1,43 \text{ м}^2 \cdot ^{\circ}\text{C}/\text{Вт}$$

Жылыту кезеңінің градус-тәулігі (ЖКГТ) $^{\circ}\text{C}$ тәу/жыл мәні:

$$\text{ЖКГТ} = (t_v - t_{\text{от}}) \cdot z_{\text{от}} = (22,6 - (-4,6)) \cdot 193 = 5249,6 \text{ }^{\circ}\text{C} \cdot \text{тәулік}$$

Сыртқы қабырғаның пирогы:

- 1 қабат – темірбетон, қалыңдығы – 0,3 м, жылуөткізгіштігі – $1,8 \text{ Вт}/\text{м} \cdot ^{\circ}\text{C}$;
- 2 қабат – дыбысоқшаулағыш мембранасы, қалыңдығы – 0,005 м, жылуөткізгіштігі – $0,03 \text{ Вт}/\text{м} \cdot ^{\circ}\text{C}$;
- 3 қабат – гипсокартон, қалыңдығы – 0,025 м, жылуөткізгіштігі – $0,22 \text{ Вт}/\text{м} \cdot ^{\circ}\text{C}$;
- 4 қабат – минералды вата, қалыңдығы – 0,15 м, жылуөткізгіштігі – $0,035 \text{ Вт}/\text{м} \cdot ^{\circ}\text{C}$.
- 5 қабат – діріл оқшаулау қабаты, қалыңдығы – 0,005 м, жылуөткізгіштігі – $0,03 \text{ Вт}/\text{м} \cdot ^{\circ}\text{C}$.

Термиялық жылу кедергісін есептеп анықтаймыз:

$$R_0^{\text{факт}} = \frac{1}{23} + \frac{0,30}{1,8} + \frac{0,005}{0,03} + \frac{0,025}{0,22} + \frac{0,15}{0,035} + \frac{0,005}{0,03} + \frac{1}{8,7} = 5,03 \text{ м}^2 \cdot ^{\circ}\text{C}/\text{Вт}$$

Шартты тексеріп көреміз:

$$R_0^{\text{тр}} = 1,43 \leq R_0^{\text{факт}} = 5,03$$

Шарт орындалды. Ғимарат бойынша осы қалыңдығы сай келеді.

1.6 Жарық техникалық есебін негіздеу

Жарықтандыруды есептеу үшін мен ғимаратымдағы ең үлкен залдың өлшемдерін алдым. Бөлме ауданы $318,6 \text{ м}^2$, бұл бөлме жарықтандыру құрылғысының күші 60 Вт – қа тең ARTIC.OPL ECO LED 1500 HFD 4000к қолданылды.

$$E = 200 \cdot 318,6 \cdot 2 = 127440 \text{ лк}$$

Қажет лампалар саны:

$$N = 127440 : 7600 = 17 \text{ дана}$$

Жарықтың физикалық қасиеттерін тиімді пайдалана білу ол ең тиімді жолдардың бірі ретінде көруге болады. Табиғи жарық есептеу, оны дұрыс қосу, қолдана білу ең басты шешілуі тиіс дүние.

Менің ғимаратым витражды құрылымдардан тұратын болғандықтан барлық табиғи жарық ғимараттың бүйір жанына түседі. КЕО немесе КТЖ – ны графоаналитикалық тәсілмен есептейтін боламыз. Бұл әдіспен өте тиімді болып табылады.

Сызба бойынша келесідей мәндерді аламыз:


$$\alpha_1 = 40^\circ, \alpha_2 = 16^\circ, \alpha_3 = 19^\circ, \alpha_4 = 17^\circ$$

$$n_1 = 0,56 \cdot 40 = 22,4$$

$$n_2 = 0,56 \cdot (16 + 19 + 17) = 29,12$$

$$\text{КЕО (КТЖ)} = 0,01 \cdot 22,4 \cdot 29,12 = 6,52 \%$$

Нормаларға сәйкес $6,52 \% e_n = 1,2 \%$ бойынша сай келеді.



1.3 - сурет – Ғимарат көрсеткіштері

1.7 Театр кешенінің инженерлік жүйелерінің сипаттамасы

Театр ғимараты – шағын көлемді, бірақ мәдени мақсаттарға арналған функционалды әрі эстетикалық талаптарға сай құрылыстардың бірі болып саналады. Бұл нысан көрермендер мен театр қызметкерлері үшін қауіпсіз, ыңғайлы және заманауи стандарттарға сәйкес келетін жағдайлармен қамтамасыз етілуі тиіс. Ол үшін барлық қажетті инженерлік жүйелермен жабдықталуы қажет.

Электрмен қамту жүйесі сахна, фойе, қызметтік бөлмелер, демалыс аймақтары мен техникалық кеңістіктерді үзіліссіз жарықтандырумен қамтамасыз етуі керек. Бұл үшін қуат көзі ретінде трансформаторлар пайдаланылады, ал энергия тарату желілері автоматты түрде басқарылатын жүйелермен жабдықталады.

Ішкі микроклиматты реттеп отыру үшін жылыту, желдету және салқындату жүйелері орнатылады. Ауаны желдету арқылы тазарту, жағымсыз иістерден арылту және ылғалдылықты бақылау жүзеге асады. Адам көп шоғырланған аймақтарда ауа айналымы тиімді деңгейде ұйымдастырылуы қажет.

Су жүйесі барлық қажетті аймақтарды суық және ыстық сумен үздіксіз қамтамасыз етуі тиіс. Сонымен қатар, кәріз және дренаж жүйелері санитарлық және гигиеналық талаптарға толық сәйкес жобалануы керек.

Өртке қарсы қауіпсіздік мақсатында театрға автоматты өрт сөндіру жабдықтары, түтін шығару арналары, дыбыстық дабыл жүйесі, эвакуациялық жарық және дауыс хабарлау жүйелері орнатылады. Бұл элементтер төтенше жағдай туындағанда жедел әрекет етуге жағдай жасайды.

Ғимарат ішінде тұрақты байланыс пен интернет қызметінің жұмыс істеуі үшін телекоммуникациялық желі ұйымдастырылады. Сонымен бірге бейнебақылау камералары, дыбысты күшейтетін құрылғылар мен музыкалық аппаратуралар қарастырылады.

Сахна жабдықтары қойылым сапасын арттыруда маңызды рөл атқарады. Оған жарық жүйелері, проекция құрылғылары, декорацияларды қозғалтатын механизмдер мен дыбыстық техника жатады. Бұл жүйелер қазіргі заман талаптарына толық сәйкес болуы қажет.

Инженерлік жүйелерді басқару орталықтандырылған басқару пульті арқылы жүзеге асырылады. Мұндай шешім техникалық жүйелердің жұмысын оңтайландырып, адам факторына тәуелділікті азайтады.

1.8 Ғимараттың энергия тиімділігін арттыру жолдары

Театр ғимараты – негізінен салыстырып қарайтын болсақ өте кең ауқымды және архитектурасы бойынша бірнеше нысаналардан тұратын болғандықтан энергия көздерің дұрыс қолдана білу маңызды шешімдердің бірі болып табылады. Экологиялық таза, шығынсыз, ешқандай кері әсер етпеуі үшін осы

заман талабына сай негізгі көзқарастарды ескеруіміз керек.

Ғимараттың сыртқы қабырғаларында энергия тиімді витраждар орнату арқылы күн сәулесін табиғи жарық көзі ретінде пайдалану мүмкіндігі артады. Бұл – электр энергиясын тұтынуды азайтып, күндізгі уақытта жарықтандыруға кететін шығынды төмендетеді. Сонымен қатар, витраждар эстетикалық тартымдылықты арттырып, интерьерді жарық әрі жайлы етеді.

Менің ғимаратымның ең биік жерінде 2 күн батареялары орналасқан. Біреу білсе, біреу біле қоймас Орал қаласы біздің еліміз бойынша номері бірінші жасыл қала болып табылады. Осы қаланың тұрғыны ретінде мен осы ұстанымды әрі қарай жалғастыру менің міндетім деп білемін.

Қысқы уақытта, ғимаратымның жып-жылы болуын, ал жаз мезгілінде қатты ысып кетпеуін қамтамасыз ету негізгі шарт болып табылады. Әр қабат аралық жабындарда дұрыс материалдарды қолдану арқылы, жақсы жылу оқшаулағышты қамтамасыз етілуі керек.

Егер жарықтандыру бөліміне зер салып қарайтын болсаныздар, мен ғимаратымның негізгі залына тиімді энергия көздерін дамыту үшін шамдардың санын, оның қуаттылығын ескерген болатынымын. Бұл есептеулер жүйесі маған қажетті жарық көздерін негіздей шаммен жабдықтау жұмыстарын қарастырады.

1.9 Көлемдік-жоспарлау шешімдерінің негіздері

Менің осы дипломдық жобамда аса мән берген жұмыстарымның бірі осы көлемдік – жоспарлау болатын. Себебі ғимараттың барлық тұтынушылар үшін қолайлы болуы менің басты мақсатым. Қазір кез – келген ғимараттың ішіне кіріп қарайтын болсаныз, адасып не болмаса мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған дұрыс орындардың болмауы, ана мен баланың бөлмесі, тіпті қарапайым әжетхананы табу қиыңға соғып кеткені өтірік емес. Осы жағдайлардың бәрін ескеріп мен бірнеше ой түйдім.

Негізінен театр 300 адамға арналған көрме алаңы бар болып есептелінеді. Осы 300 адамның көңілінен шығу қажет. Сондықтан менің ғимаратымның жоспарлануы бір ерекше сипатқа ие. Көрермендер үшін арнайы балкондар, VIP залдар мен орындар, функционалды болуы. Сахна аймағы барынша заман талабына сай жабдықталуы: дыбыс, жарық, проекция және автоматтандырылған декорация жүйелері енгізіледі.

Театрдың бірнеше қабаттарында әртістерге арналған бірнеше дайындық алаңдар, әртістер үшін жуынатын бөлмелер жасалынды. Барлық дайындық бөлмелерінде арнайы камералар, үнтаспалар қойылатын болады. Қызметкерлердің жұмысының процесін жақсарту мақсатында демалыс орындары, тамақтану бекеттері және жұмыс алаңдары жоспарланған.

Келушілерге арналған шағын мейрамхана, шет елден келген тұтынушыларымызға өзіміздің қаламыздың тарихын дәріптеуге арналған мұражай, сувенир дүкендері және осы қаламыздың таңдаулы киім белгілеріне арналған дүкендер жайғасатын болады.

Ғимараттың жалпы функционалдық құрылымы қазіргі заманғы театр нысандарына қойылатын нормативтік және эргономикалық талаптарға сай келетіндей етіп жобаланған. Ғимарат жоспары мен аудандарының бөлінуі А қосымшасында А.1 кестесінен бастап көрсетіледі.

1.10 Конструктивтік шешімдердің жобалық талдауы

Ғимараттың негізгі тасымалдаушы құрылымы – монолитті темірбетоннан жасалған іргетас болып табылады. Оның қалыңдығы 800 мм-ге тең, ал бетон класы С25/30 ретінде таңдалып алынған. Арматура ретінде жоғары беріктікке ие S500 маркалы болат қолданылған. Іргетастың төменгі жағында дайындық негізі ретінде қалыңдығы 100 мм болатын С8/10 класындағы төмен маркалы бетон қабаты төселеді.

Қабаттар арасындағы жабын – 200 мм қалыңдықтағы монолитті темірбетон плитасы түрінде қарастырылған. Ол жоғарғы және астыңғы жағынан арматурамен күшейтілген. Бұл құрылым ғимаратқа көлденең қаттылық пен кеңістіктегі тұрақтылық береді.

Сыртқы және ішкі қабырғалар тасымалдаушы рөл атқарады және С25/30 класты бетоннан құйылады. Олардың қалыңдығы – 480 мм. Бұл қабырғалар тек құрылымдық жүктемелерді көтеріп қана қоймай, сонымен қатар жылу мен дыбысты оқшаулауда маңызды қызмет атқарады.

Тік көтеруші элементтерге келсек, ұстындардың көлденең қимасы 500 × 500 мм шамасында, олар да С25/30 маркалы бетоннан құйылып, S500 типіндегі болат арматуралармен арматураланған.

Жоғарғы жабын – 340 мм қалыңдықтағы монолитті бетон плитасы негізінде орындалған. Бұл құрылым С25/30 класындағы бетоннан жасалады және оның беткі бөлігінде шамамен 2% еңістік қарастырылған. Мұндай еңіс жүйеге жаңбыр суының ағуын қамтамасыз ету үшін қажет.

1.11 Іргетас тереңдігін есептік анықтау

Ең алдымен ғимараттың іргетасына бірнеше нұсқаларды қарастырамын. Қазіргі таңда маған таспалы және плиталы іргетасты алу оңтайлы болмақ (Орал қаласының геологиялық зерттеуіне мән беруіміз қажет).

Плиталы іргетастың артықшылықтарын Орал қаласына ыңғайлы жағдай үшін негіздеймін.

1. Үстіде айтып өткендей Орал қаласының кей бөліктерінде жер асты сулары бар. Ал Орал қаласында саз және сулы топырақ жиі кездеседі.

Плиталы іргетас осы жер асты суларының алдын алу мақсатында жарықты азырақ тудырады. Жарықтың пайда болуы қауіпті екенің білеміз.

Таспалы іргетас ол жеке- жеке орналасатын болғандықтан қисаю және жарық тудыру мүмкін.

2. Егер ғимарат биік және ауыр болатын болса:

Плиталы іргетас жүктемені бүкіл ауданына біркелкі таратады, ал таспалы іргетас тек қабырға астына ғана тірек береді - үлкен салмақта плита әлдеқайда қауіпсіз.

3. Жер асты суымен ғимарат тұрғызу:

Егер жер асты сулары пайда болып кетсе, онда таспалы іргетас үшін тек қана шұңқырға ешқандай кері әсерін туғыздырмайды. Онымен қоса ол су оқшаулау үшін таптырмас дүние болып табылады.

4. Жылу оқшаулаушы барысынан керемет:

Плиталы іргетаста бірден еден салынатын болғандықтан, еден жылуды жақсы сақтайды. Ал таспалы іргетаста керісінше, суық көтерілу ықтималдылығы жоғары.

5. Құрылыс барысында қаттылығы:

Біртұтас плита ретінде жұмыс істейді, деформацияға төзімді.

Таспалы іргетас – сегменттелген құрылым, шөгу әртүрлі болуы мүмкін.

Енді осы негіздемелерге қарап ой туындайды неге таспалы іргетасты нұсқа ретінде қарастырмаймыз: оның үлкен жүктемені көтеруі қиыңға соғады. Жарықтар пайда болады, ғимараттың қисаюы мүмкін. Төменгі қабаттарды жылулау қиыңға соғады.

Плиталы іргетас үшін негізгі бастапқы қалыңдығын $h=0,8$ м.

Ғимараттың негізгі сызбасына сүйене отырып іргетастың табан биіктігі анықтаймыз:

$$d_{\phi} = h_{\pi} + h_{\phi} = 4,5 + 0,8 = 5,3 \text{ м}$$

мұндағы h_{π} – жертөле қабатының биіктігі;

Топырақ мауысым аралық қату күйінің тереңдігі:

$$d_{fn} = d_0 \cdot \sqrt{M_t} = 0,22 \cdot \sqrt{13,5 + 13,2 + 6,7 + 2,9 + 9,8} = 1,49 \text{ м}$$

мұнда $d_0=0,22$ м – саздақтар мен саздар үшін негізгі коэффициент ;

$\sqrt{M_t}$ – бұл бір күнтізбелік жылдағы аймақтағы барлық нөлден төмен айлық температураның квадрат түбірі, ол ҚР ҚЖ 2.04-01- 2017 «Құрылыс климтологиясы» [0]

Топырақтың маусым бойынша қатудың болжамалы тереңдігі:

$$d_f = k_h \cdot d_{fn} = 0,6 \cdot 1,49 = 0,89 \text{ м}$$

мұнда k_h – құрылыс жылу режимінің әсерін ескеретін коэффициенті.


Алдын ала қабылданып алынған төсеу нақты екенің тексеру :

$$d_{\phi} = 5,3 \text{ м} > d_f = 0,89 \text{ м}$$

Шарт сай келді, плиталы іргетастың алынған тереңдігі келеді.

1.12 Ғимараттың есептік сызба үлгісі

Театрдың негізделіп көрсетілген есептік сызбасы 1.3-суретте бейнеленген.



1.4 - сурет - Ғимарат есептік схемасы

2 Конструктивтік-есептік бөлім

Жоба бойынша осы театрдың есептік моделін тұрғызу және сол бойынша негізгі шешімдерді қабылдау мақсатында мен ЛИРА-САПР 2021 бағдарламалық кешенің қолдануды жөн санадым. Бұл бағдарламалық кешен арқылы ғимараттың дәл жобалануы, күрделі сұрақтардың жауабын табуға септігін тигізеді.

Әр элемент түріне байланысты негізгі жүктемелер жинақталынып, олардың барлығы А.6-кестеде ұсынылған деректер көзінде негізделінді. Барлық жүктемелер нормаларға сәйкес тиесілі етіліп жасалынды.

Осы есептік моделдеудің басты мақсаты жүктемелерді нақты әрі, оң шешіммен тағайындау болып табылады. Бұл жүктеме комбинациялары ғимараттың қолданылуына қарай барлық ықтимал жағдайларды ескерді. Жүктемелер түрі А қосымшасында А.6 кестесінде орналасқан.

2.1 Тұрақты жүктемелерді есептеу

Негізгі тұрақты жүктемелер, олар ғимараттың өз салмағы, еденнен түсетін жүктемелер олардың барлық өлшемдерің жасадым. Тұрақты жүктемелерді жинақтау кесте түрінде әзірленді, ол А қосымшасында А.7 кестесінде көрсетілген.

Жобада қарастырылған іргетас қатты иілімді сазды топырақ қабатына орнатылған. Бұл топырақтың негізгі физикалық-механикалық сипаттамалары келесідей:

Меншікті салмағы – $\gamma = 20.2 \text{ кН/м}^3$;

Серпімділік модулі – $E = 14.42 \text{ МПа}$;

Ішкі үйкеліс бұрышы – $\varphi = 24^\circ$;

Сцепление (топырақтың байланысу беріктігі) – $c = 10 \text{ кПа}$.

$$\sigma_r = 20,2 \cdot 4,5 \cdot tg^2(45 - \frac{24}{2}) - 20 \sqrt{tg^2(45 - \frac{24}{2})} = 78.67 \text{ кН/м}^2$$

$$h_k = \frac{2 \cdot 10}{20.2 \cdot tg(45 - \frac{24}{2})} = 1.5$$

Берілген тұрақты жүктемелердің анализің А қосымшасында орналасқан.

2.2 Уақытша жүктемелерді талдау

ҚР ҚН EN 1991-1-1:2002/2011 “Конструкцияларға түсетін күш әсері 1-1 бөлім. Ғимараттардың өз салмағы, тұрақты және уақытша жүктемелері” бойынша жасалынды [0].

А категориясы бойынша баспалдаққа – 2 кН/м².

С2 категориясы бойынша аражабынға – 3 кН/м².

Берілген уақытша жүктемелердің анализің А қосымшасында орналасқан.

2.3 Қар жүктемесінің әсерін анықтау

Орал қаласының шатырға әсер ететін қар жүктемесі бойынша II аймақта орналасқан. Оны ҚР ЕЖ EN 1991-1-1:2002/2011 «Күш түсетін конструкцияларға әсер ету. 1-3 бөлім. Жалпы әсер ету. Қар жүктемесі» [0] сәйкес формуламен есептейміз:

$$s = \mu_i \cdot c_e \cdot c_t \cdot s_k = 0,8 \cdot 1 \cdot 1 \cdot 1,2 = 0,96 \text{ кН/м}^2$$

мұнадғы μ_i – қар жүктемелері аймағының коэффициенті (ҚР НТҚ 01-01-3.1(2017) нормативтік құжаты) $\mu_i=0,8$;


s_k – қар жүктемелерінің сипаттамалық мәні,

c_e – қоршаған орта коэффициенті $c_e=1$ (Қалыпты) (ҚР НТҚ 01-01-3.1(2017) нормативтік құжаты);

c_t – жылу коэффициенті; $c_t=1,0$.

Апаттық қар жүктемесі дегеніміз – ол ғимаратқа түсетін қар жүктемесінің 2 есе түрі болып саналады.

$$s_a = 2 \cdot \mu_i \cdot c_e \cdot c_t \cdot s_k = 2 \cdot 0,8 \cdot 1 \cdot 1 \cdot 1,2 = 1,92 \text{ кН/м}^2$$



2.1 - сурет- Қар жүктемелері бойынша аймақ картасы

Күмбезге түсетін қар жүктемесі. Егер цилиндр тәріздес жабындары бар (күмбездерді қоса есептегенде) ғимараттардың жабын бұрыштары 60° - тан жоғары болса, онда ол жабындарда қар тұрмайды. Қар зырғып кетеді. Сондықтан менің ғимаратымның күмбез жабынында қар жүктемесі болмайды. Берілген қар жүктемелердің анализің А қосымшасында орналасқан.

2.4 Жел әсерінен туындайтын жүктемелер

Жел жүктемесі : ҚР ЕЖ EN 1991-1-4:2005/2011 Күш түсетін конструкцияларға әсер ету. 1-4 бөлім. Жел жүктемесі [0] сәйкес жасалынды.

Жел жүктемесі құрылыс ғимаратына желмен бірқатар қысым арқылы және сору әдісі арқылы жұмыс жасайды. Жел жүктемесінің күштілігінің мәні келесідей анықталады.


Ғимараттың негізгі өлшемдері 38,2 x 51 x 25,5м, III жел районы, жергілікті типі I.

Жел жағына сырттан түсетін қысым (D ауданы үшін):

Ғимараттың негізгі өлшемдері бойынша, яғни биіктігі арқылы біз оны бірнеше аймақтарға базалық биіктігі деп бөлеп жіктейміз z_e 7.2.2(1) әдістемесі арқылы алынады. Осылайша $h = 25,5 \text{ м} < b = 38,2 \text{ метр}$ және егер $h = 25,5 \text{ м} < b = 51 \text{ метр}$ болған жағдайдағы шартты қарастырамыз.

Желдің негізгі қысымы w_e , формула бойынша негізделеді:

$$h/d = 0,6 \rightarrow c_{pe} = +0.8$$



2.2 - сурет - Базалық биіктікті анықтау шарттары

Жел жүктемесінің әр қабат бойынша жиналуын А қосымшасында А.8 кестесінде орналасқан.

Лири-САПР бағдарламасында, РСН кестесін әзірлеу үшін, біз бірнеше комбинацияларды қолданамыз. Бұл комбинациялар біздің есептеуіміз кезінде жүктемелердің әсер етуін, онымен қоса сол жүктемелердің ең тиімсізін анықтауға әсер етеді. Қауіпсіздікті қамтамасыз етеді, орнықтылықты жақсартады.

Комбинациялар ҚР ЕЖ EN 1990:2002+A1:2005/2011, Күш түсетін конструкцияларды жобалаудың негіздері [0] сәйкес алынды:

$$6.10 \sum_{\geq 1} Y_{G,j} G_{k,j} + Y_p P + Y_{G,j} G_{k,j} + \sum_{\geq 1} Y_{Q,i} \omega_0 Q_{k,j} \quad (2.1)$$

$$6.10a \sum_{\geq 1} \xi_j Y_{G,j} G_{k,j} + Y_p P + Y_{Q,1} \Psi_{0,1} Q_{k,1} + \sum_{\geq 1} Y_{Q,i} \Psi_{0,i} Q_{k,i} \quad (2.2)$$

$$6.10b \sum \xi_j \gamma_{G,j} G_{k,j} + \gamma_P P + \gamma_{Q,1} Q_{k,1} + \sum \gamma_{Q,i} \Psi_{0,i} Q_{k,i} \quad (2.3)$$

$$6.12b \sum_{\geq 1} G_{k,j} + "P" + "A" + " \sum_{\geq 1} \Psi_{2,i} Q_{k,j} \quad (2.4)$$

$$6.14b \sum_{\geq 1} G_{k,j} + "P" + Q_{k,1} + " \sum_{\geq 1} \Psi_{2,i} Q_{k,j} \quad (2.5)$$

$$6.16b \sum_{\geq 1} G_{k,j} + "P" + " \sum_{\geq 1} \Psi_{2,i} Q_{k,j} \quad (2.6)$$

N загрузка	Наименование	1.PCH1_L6.10	2.PCH2_L6.10	3.PCH3_L6.10	4.PCH4_L6.10	5.PCH5_L6.10	6.PCH6_L6.10	7.PCH7_L6.10	8.PCH8_1	9.PCH9_1	10.PCH10_1	11.PCH11_1	12.PCH12_1	13.PCH13_1	14.PCH14_1	15.PCH15_IV_1	16.PCH16_IV_1
1	Собственный вес	1.	0.85	0.85	0.85	0.85	0.85	0.85	0.85	0.85	0.85	0.85	0.85	0.85	0.85	1.	1.
2	Конструкция пола	1.	0.85	0.85	0.85	0.85	0.85	0.85	0.85	0.85	0.85	0.85	0.85	0.85	0.85	1.	1.
3	Конструкция стен	1.	0.85	0.85	0.85	0.85	0.85	0.85	0.85	0.85	0.85	0.85	0.85	0.85	0.85	1.	1.
4	Горизонтальное давление	1.	0.85	0.85	0.85	0.85	0.85	0.85	0.85	0.85	0.85	0.85	0.85	0.85	0.85	1.	1.
5	Временные нагрузки	0.	1.	0.7	0.7	0.7	0.7	0.7	0.7	0.7	0.7	0.7	0.7	0.7	0.7	1.	0.7
6	Снеговая нагрузка	0.	0.7	0.7	0.7	0.7	0.7	0.7	0.	0.7	0.7	0.7	0.7	0.7	0.7	0.7	0.7
7	Аварийный снег	0.	0.	0.	0.	0.	0.	0.	0.	0.	0.	0.	0.	0.	0.	0.	0.
8	Ветровая по X+	0.	0.6	1.	0.6	0.6	0.6	0.6	0.6	0.	0.	0.6	0.6	0.6	0.6	0.6	1.
9	Ветровая по X-	0.	0.6	0.6	1.	0.6	0.6	0.6	0.6	0.	0.6	0.	0.6	0.6	0.6	0.6	0.6
10	Ветровая по Y+	0.	0.6	0.6	0.6	1.	0.6	0.6	0.6	0.	0.6	0.6	0.	0.6	0.6	0.6	0.6
11	Ветровая по Y-	0.	0.6	0.6	0.6	0.6	1.	0.6	0.6	0.	0.6	0.6	0.6	0.	0.6	0.6	0.6

N загрузка	Наименование	12.PCH12_1	13.PCH13_1	14.PCH14_1	15.PCH15_IV_1	16.PCH16_IV_1	17.PCH17_IV_1	18.PCH18_IV_1	19.PCH19_IV_1	20.PCH20_IV_1	21.PCH21_4	22.PCH22_4	23.PCH23_4	24.PCH24_4	25.PCH25_4	26.PCH26_4	27.PCH27_4
1	Собственный вес	0.85	0.85	0.85	1.	1.	1.	1.	1.	1.	1.	1.	1.	1.	1.	1.	1.
2	Конструкция пола	0.85	0.85	0.85	1.	1.	1.	1.	1.	1.	1.	1.	1.	1.	1.	1.	1.
3	Конструкция стен	0.85	0.85	0.85	1.	1.	1.	1.	1.	1.	1.	1.	1.	1.	1.	1.	1.
4	Горизонтальное давление	0.85	0.85	0.85	1.	1.	1.	1.	1.	1.	1.	1.	1.	1.	1.	1.	1.
5	Временные нагрузки	0.7	0.7	0.7	1.	0.7	0.7	0.7	0.7	0.7	0.7	0.7	0.7	0.7	0.7	0.7	0.7
6	Снеговая нагрузка	0.7	0.7	0.7	0.7	0.7	0.7	0.7	0.7	0.7	0.	0.7	0.7	0.7	0.7	0.7	0.7
7	Аварийный снег	0.	0.	0.	0.	0.	0.	0.	0.	0.	0.	0.	0.	0.	0.	0.	0.
8	Ветровая по X+	0.6	0.6	0.6	0.6	1.	0.6	0.6	0.6	0.6	0.6	0.	0.	0.6	0.6	0.6	0.6
9	Ветровая по X-	0.6	0.6	0.6	0.6	0.6	1.	0.6	0.6	0.6	0.6	0.	0.6	0.	0.6	0.6	0.6
10	Ветровая по Y+	0.	0.6	0.6	0.6	0.6	0.6	1.	0.6	0.6	0.6	0.	0.6	0.6	0.	0.6	0.6
11	Ветровая по Y-	0.6	0.	0.6	0.6	0.6	0.6	0.6	1.	0.6	0.6	0.	0.6	0.6	0.6	0.	0.6

2.2 - сурет - Есептік жүктемелердің үйлесімі

2.5 Топырақ негізін есептік модельдеу

Топырақ моделін негіздеу үшін бізге ғимаратымыздың орналасқан аумағыдағы топырақ жағдайын, күйін оның геотехникалық қасиеттерің негіздеуіміз керек. Бұл есептің дәлдігіне негізгі арқау болатын дүние. Жүктемелердің жинынтығын барлық жағдайда анықтап алғаннан кейін Лира-САПР бағдарламасының "Жасау" және "Өңдеу" қойындыларындағы арнайы құралдар пайдаланылады.

Топырақ моделін есептеу кезінде ескеру керек жағдай ол – төсеніш коэффициенті. Себебі осы арқылы топырқтың шөгуін есептей аламыз. Оны есептеу қолмен немесе төрт әдіс арқылы жүзеге асады. Осы арқылы біз оның қорытындысын көре аламыз.

Келесі 2.4–2.9-суреттерде Лира-САПР жүйесінде топырақты модельдеудің кезең-кезеңімен орындалуы, яғни қадамдық процесі көрсетілген.

Суммирование нагрузок

☒ Нагрузки ☐ Инерционные силы ☐ Нагрузка на фрагмент

Список узлов: Все

Список элементов: Все

Выбор загрузки: ☒ Загрузка № 1 ☐ РСН Единицы: м,кН

Суммарные нагрузки

	Объемные	Пластины	Стержни	Узлы	Всего
ΣP_X	0	0	0	0	0
ΣP_Y	0	0	0	0	0
ΣP_Z	0	74397.7	10478.5	0	83788.3
ΣM_X	0	0	0	0	0
ΣM_Y	0	0	0	0	0
ΣM_Z	0	0	0	0	0

Координаты центров сил

Cx_x	Cx_y	Cx_z	Px
Cy_x	Cy_y	Cy_z	Py
Cz_x	Cz_y	Cz_z	Pz
23.7358	18.3037	1.60247	

Определяющий момент

Контрольная точка A

X	Y	Z
0	0	0

Момент относительно A


Mx	My	Mz
1.55355e+006	-2.0146e+006	0

☐ Указать курсор

2.4-сурет- Ғимараттың өз салмағына түсетін жүктеменің суммасы

Төсеніш коэффициентінің мәнін анықтау үшін 1 жүктеме, яғни ғимараттың өз салмағының суммасын анықтап аламыз. Төсеніш коэффициентің анықтау басты мәселе болып саналынады. Себебі осы арқылы біз топырақтың шөгуін толық негіздей алып, осы мәндермен салыстырамыз. Содан кейін іргетастың ауданың алып осы ғимарат өз салмағына бөлеміз.

$$P_z = 83788,3 : 1986,4 = 42,2$$



2.5-сурет – Іргетасқа әсер ететін P_z коэффициентінің мәні

№ ИГЭ	Усл. обозн.	Наименование грунта	Цвет	Модуль деформации, кН/м2	Коэффициент Пуассона	Удельный вес грунта, кН/м3	Коэффициент перехода ко 2 модулю деформации	Природная влажность, доли	Показатель текучести IL	Вода Лесс Насыль Органо-	Коэффициент пористости e	Содержание растительных остатков, q	Удельное сцепление Rc, кН/м2	Угол внутреннего трения φ , °	Предельное напряжение растяжения Rs, кН/м2	Коэффициент Савинова Co, кН/м3	Коэффициент пропорциональности K, тс/м²*4 и код грунта		
1		Насыпной		9806.65	0.3	17.652	5	0.05	0.2		0.7	0	4.90332	16	0.980665	9806.65	235	Cf	Глина текучеэластичная IL=0.
2		Суглинок твердый		17658	0.3	18.35	5	0.1	0.2		0.68	0	19.62	18	3.924	4905	800	Lh	Суглинок твердый IL<0, K=100
3		Суглинок твердый		17658	0.3	18.35	5	0.1	0.2		0.68	0	19.62	18	3.924	4905	500	Lh	Суглинок твердый IL<0, K=100
4		Глина твердая		21582	0.35	17.658	5	0.02	0.15		0.8	0	19.6133	16	3.92266	19613.3	800	Ch	Глина твердая IL<0, K=1000...

2.6-сурет- Ғимараттың орналасқан аймағының топырақ моделі

Модель грунта

Файл грунта (*.sls), связанный с текущей моделью грунта:

[K:\LIRA SAPR 2021\Data\модель грунта.slz](#)

☒ Передать в ГРУНТ плиты с ненулевым P_z как группу нагрузок

☐ Не обновлять нагрузки на грунт

☐ Передать параметры из закладки «Расчет C1, C2»

☒ Разместить расчетную схему на модели грунта согласно закладки «Привязка»

Подключить модель грунта

Редактировать модель грунта

Получить модель грунта из системы ГРУНТ

Отключить модель грунта

Метод расчета C1, C2: Метод 3

Пересчитать C1, C2

Пересчитать жесткости свай

